

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

**ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**

№3 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

29.11.2023ж.

Қатысқандар: АК төрағасы - PhD, доцент м.а. Е.Б. Жиенбаев, АК мүшесі, академиялық персонал - PhD А.Қ. Мейірбеков, АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Н.Д. Қошанова, АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Ж.К. Суинжанова, АК мүшесі, академиялық персонал - А.Д. Байдаулетова, АК мүшесі, академиялық персонал - Ы.Е. Нурмагомбетова, АК мүшесі, академиялық персонал - Ш.А.Каримова, АК мүшесі, академиялық персонал - С.А. Қонысова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – М.Еділбаева, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – М.Е. Нұралы, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Н.С. Зарбат, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – А. Қуанышбекқызы.

Күн тәртібі:

1. ББ бойынша практика бағдарламаларына аудит ұйымдастыру, мазмұнын талдау.
2. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Е.Б. Жиенбаев мәжілісте сөз бастап, ББ бойынша практика бағдарламаларына аудит ұйымдастыру мен мазмұнын талдау жайлы мәселені талқыға салды. Жоспарда белгіленген кесте бойынша АК мүшелері тарапынан практика бағдарламаларындағы мәліметтер қарастырылып, тәжірибелік іс-шаралардың ұйымдастырылу деңгейі айшықтады. Ағымдағы оқу жылындағы практика бағдарламаларының «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы; «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы; «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы; университеттің Кәсіптік практиканы

ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі және білім беру бағдарламасы т.б. ережелер негізінде дайындалғанын көрсетті. Бағдарлама жасау барысында көрсетілген ережелерге сәйкес болуын қадағалау қажеттігін атап айтып, АҚ мүшелерінің аталған мәселеге қатысты пікірлері мен ұсыныстырын тыңдады.

АҚ мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Н.Д. Қошанова, практика бағдарламасының мазмұнын саралап берді. Бағдарламаның кіріспе бөліміндегі практиканың мақсаты, міндеттері, пререквизиттер мен кәсіптік практиканың соңғы нәтижелерінің (құзыреттері) қандай деңгейде жазылу жайлы пікірін білдірді. Практика бағдарламасындағы соңғы нәтижелерге сәйкес курс келесі құзыреттердің дамуына бағытталғанын айтып, практикада игерілетін оқыту нәтижелерінің (ПОН) білім беру бағдарламасына сәйкес болуына назар аударды. Практиканың негізгі мазмұны білім алушылардың жеке тапсырмаларын орындау мерзімдері мен практиканың ұзақтығы мен негізгі бағытын көрсететінін білдірді. Практика барысында дайындалатын құжаттар арасында: жолдама, келу мен кету туралы белгі, практиканың жұмыс жоспар-кестесі, білім алушылардың кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың тиімді ұсыныс жасау және өнертапқыштық жұмыстарына, практика орнындағы инновациялық үдерістерге қатысуы, практикадан өтуі туралы күнделік-есептің нұсқаулыққа сәйкес дайындалуы қажет екенін ескертті. Бағдарламаның мазмұны мен практика өткізу мерзімдері, практика күнделігінің үлгісі мен оны толтыру тәртібі, практика есептерінің құрылымы, дайындау тәртібі мен қорғау мерзімдері, білім алушылардың практика нәтижесін қорытындылау барысы мен пайдаланылған әдебиеттердің көрсетілуі білім алушыларға нұсқаулық бола алатынын баяндады. Аудит барысында кейбір бағдарламаларда аталған мәселелер бойынша елеусіз кемшіліктер анықталғанын және түзетілуі үшін практика жетекшілеріне ұсыныс білдіргенін айтып өтті.

АҚ мүшесі, академиялық персонал - А.Д. Байдаулетова: практиканың мақсаты - ғылыми және кәсіби маманданудағы білімдер мен дағдыларды тереңдету, кәсіби функцияларға байланысты жаңа білімдерді игеруін, мақсатты алдына қою және міндеттерді шешу икемдерін іздеу қабілетін, оларды шешу үшін игерілген ғылымдардың әдістерін пайдалану қабілетін дамыту болып табылатынын баяндады. Осы тұрғыда практика материалдарын жинақтау, өңдеу және жалпылау; зерттеудің тақырыбы бойынша статистикалық мәліметтер мен практикалық материалдарды талдау; практика есебі мен тақырыбы бойынша қорытынды, заңдылықтарды, кепілдемелер мен ұсыныстарды тұжырымдау отырып есепті білгіленген талаптарға сәйкес ресімдеудің маңызын көрсетті. Өткен оқу жылдарында аталған мәселелерге қатысты практика құжаттарында жіберілген кемшіліктерді тізбектеп, олқылықтарды реттеудің жолдарын ұсынды.

АҚ мүшесі, академиялық персонал - Ш.А.Каримова, Тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша өндірістік, педагогикалық, зерттеу, диплом алды т.б. практика бағдарламаларының ББ бағдарламаларда көрсетілген сипаттама мен оқыту нәтижелеріне сай әзірленгенін тілге тиек етті. Осы

орайда практика бағдарламаларында білімгерлердің дағдылары, практикалық тапсырмалар мен талаптарға қатысты кәсіби және әлеуметтік құзіреттерді көрсету барысында мамандықтың ерекшелігі толық назарға алынбағанын саралады. Филология саласының «есту», «тыңдау», «жазу», «сөйлеу» дағдыларымен тікелей байланысты екенін көрсетіп, практика бағдарламасын жасау барысында мамандықтың ерекшелігіне мән берудің тиімді тұстарын паш етті. Бағдарламада практикаға қатысты нұсқаулық нақты берілген жағдайда есептің құрылымдық сипаты оң нәтижемен ұштасатынын жеткізді.

АК мүшесі, академиялық персонал - С.А. Қонысова, өзінің қарастырған практика бағдарламаларының өз деңгейінде әзіргенгенін жеткізді. Сонымен қатар, практика бағдарламаларында білімгерлердің тақырыпқа қатысты дереккөздерін жүйелі түрде қарастыруға бағытталғанына тоқталды. Практиканың түріне қарай ғылыми және әдістемелік ізденістер мен материалдарды топтастыру мәселесінің өзектілігін айшықтады. Бұл іс-шаралар арқылы білімгердің материалдарды дербес жинақтап талдауына және іс жүзінде қолдануына мүмкіндік тудыратынын меңзеді. Теориялық мәліметтер, әдістемелік зерттеу мен заманауи әдістерді қолдану арқылы практиканың рационалды ұйымдастырудың тиімділігі артатыны сөзсіз. Білімгердің практика өту кезінде базалық пәнге ғана назар аударып қоймай, сонымен бірге басқа сала бойынша ғылыми мәселеге байланысты материалдарды салыстырмалы түрде қолдануына мүмкіндігі бар екенін талқыға салды. Практиканың мақсатына байланысты отандық және шетелдік дереккөздерін қарастырудың тиімді екенін айтып, бағдарламаларда берілген дереккөздерін толықтыру мәселесіне тоқталды. Осы тұрғыда практикаға жіберілетін білімгерлерге нақты тапсырмалар беріліп, бағдарлама аясында жұмыстың сәтті орындалуы практика жетекшісіне тікелей байланысты екенін айтып сөзін тұжырымдады.

Шешім:

1. ББ бойынша практика бағдарламаларының мазмұны толықтырылсын.
2. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



Е.Б. Жиенбаев

Хатшысы:



С.А. Қонысова